

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ
МИНИСТРЛІГІ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

20 25 ж. 10 . 11 жүргізілді.

БСН 251140008399

**«Қазақстанның құн инжиниринг
Қауымдастығы» ЗТБ
Жалпы жиналысының
2025 жылғы «08» қазан
№1 хаттамасымен
БЕКІТІЛГЕН**

Қазақстанның құн инжиниринг Қауымдастығы»
Заңды тұлғалар бірлестігі
ЖАРҒЫСЫ

Астана қаласы 2025 ж.

АЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Қазақстанның құн инжиниринг қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі — Қауымдастық) — коммерциялық мақсат қоймайтын ұйым, осы Жарғыда белгіленген мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін құрылған және негізгі мақсаты пайда табу емес, сондай-ақ алынған таза пайданы қатысушылар арасында бөліспейтін ұйым.

1.2 Қауымдастықтың толық атауы:

- мемлекеттік тілде: «Қазақстанның құн инжиниринг қауымдастығы» Заңды Тұлғалар Бірлестігі;
- орыс тілінде: Объединение Юридических Лиц «Ассоциация стоимостного инжиниринга Казахстана»;
- ағылшын тілінде: Association of Legal Entities «Kazakhstan Cost Engineering Association»

Қысқаша атауы:

- мемлекеттік тілде: «ҚҚИҚ» ЗТБ;
- орыс тілінде: ОЮЛ «АСИК»;
- ағылшын тілінде: ALE «КСЕА».

1.3 Қауымдастық өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңына, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидалары мен нормаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

1.4. Қауымдастықтың және оның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі, 14 ғимарат, кеңсе 1301.

1.5. Қауымдастық мүшелерінің саны шектелмейді.

ҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ. ҚАУЫМДАСТЫҚ ЖҮЙЕСІ

2.1 Қауымдастық инвестициялық-құрылыс жобаларын басқарудың тиімділігін арттыру, құрылыс құнының ашықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету, ұлттық тәсілдерді халықаралық стандарттармен үйлестіру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және өзге де органдарында, халықаралық ұйымдарда ортақ мүдделерді білдіру үшін Қазақстан Республикасының құрылысында құндық инжинирингтің қазіргі заманғы қағида-тұрақтарын дамытуға және енгізуге жәрдемдесу мақсатында құрылған заңды тұлғалардың ерікті бірлестігі болып табылады.

2.2 Қауымдастықтың заңды тұлға ретіндегі құқықтық қабілеттілігі ол мемлекеттік тіркелген сәттен бастап туындайды және оны тарату туралы бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне мәліметтер енгізілгеннен кейін тоқтатылады. Қауымдастықтың дербес балансы болады, өз атынан шарттар жасаса алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленіп, міндеттер атқара алады, соттарда талапкер немесе жауапкер бола алады, мемлекеттік, орыс тілдерінде қауымдастықтың толық атауы көрсетілген банктік шоттары, мөрі, мөртабандары мен бланкілері, сондай-ақ басқа да деректемелері болады. Қауымдастықтың өз эмблемасы (логотипі), Туы, Әнұраны және басқа да айырым белгілері болуы мүмкін.

2.3 Қауымдастықтың қызметі заң алдындағы теңдік, еріктілік, тәуелсіздік, жарғылық қызмет, өзін-өзі басқару, заңдылық, есептілік және жариялылық мәселелері бойынша өз мүшелерінің пікірі мен ұстанымын өзара құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

2.4 Қауымдастық заңды тұлғалар бірлестігі - қауымдастықтың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады, меншігінде немесе жедел басқаруында оқшауланған мүлкі болады, өз мүлкін иеленуді, пайдалануды, оған билік етуді дербес жүзеге асырады және осы мүлікті өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

2.5 Қауымдастық толық құқық қабілеттілігіне ие бола отырып, өзінің жарғылық қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес кез келген шешімдер қабылдауға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әрекеттер жасауға, заңнамада берілген барлық құқықтарды пайдалануға құқылы.

2.6 Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Қауымдастық өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.7 Қауымдастық шектеусіз мерзімге құрылған және өз қызметін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асырады.

2.8 Қауымдастық заңнамада басқаша көзделмеген жағдайда, өз еркімен басқа заңды тұлғаларды құруға, қоғамдық бірлестіктердің одақтары мен ассоциацияларына қосылуға, халықаралық байланыстар мен катынастар орнатуға, сәйкес келісімдер, меморандумдар, келісімшарттар және басқа да құжаттар жасауға құқылы.

2.9 Қауымдастық Қазақстан Республикасының аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін, филиалдары мен өкілдіктерін құра алады.

2.10 Қауымдастық қауымдастықтың жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы. Қауымдастықтың кәсіпкерлік

қызметтен алған кірістері оның мүшелері арасында бөлінбейді және Қауымдастықтың жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталады.

2.11 Қауымдастық өз қызметін «Өзін-өзі реттеу туралы» ҚР Заңына сәйкес өзін-өзі реттейтін ұйым ретінде жүзеге асыра алады.

2.12 Қауымдастық өз қызметінің мақсаттарына сәйкес мемлекеттік органдармен олармен келісімдер жасай отырып ынтымақтаса алады және олар үшін белгілі бір жұмыстарды орындай алады (Коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚРЗ 40-бабы).

МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

3.1. Қауымдастықтың негізгі мақсаттары:

- Қазақстан Республикасында ұлттық практиканы, ғылымды және құндық инжиниринг мамандығын дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесу;
- құн инжинирингі саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру;
- құн инжинирингі саласындағы қызметті жүзеге асыратын мамандар мен ұйымдарды ерікті кәсіби сертификаттау жүйесін қалыптастыру және дамыту;
- қауымдастықтың халықаралық кәсіби бірлестіктерге мүшелігі және шетелдік серіктестермен өзара іс-қимыл арқылы үздік халықаралық тәжірибелер мен стандарттарды интеграциялау және бейімдеу;
- баға белгілеудің цифрлық каталогтарын, дерекқорларды және құрылыс объектілерінің өмірлік циклінің құнын бағалау әдістемелерін пайдалануды қоса алғанда, құндық инжиниринг саласында инновациялық технологиялар мен цифрлық шешімдерді енгізуге жәрдемдесу;
- құн инжинирингі саласындағы нормативтік-құқықтық және әдістемелік базаны әзірлеуге және жетілдіруге қатысу.

3.2. Қауымдастықтың міндеттері:

1. Кәсіби қоғамдастықты дамыту және тәжірибе алмасу:

- Қауымдастық мүшелерінің кәсіби қызметінің озық тәжірибесін жинақтау және тарату;
- семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды, форумдар мен іскерлік кездесулерді ұйымдастыру және өткізу;
- құндық инженер мамандығын дәріптеу үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастық.

2. Білім базасын және нарық қатысушыларын қалыптастыру және қолдау:

- мамандардың, компаниялардың, мердігерлердің, қосалқы мердігерлердің, жеткізушілердің және кәсіпкерлік қызметтің өзге де субъектілерінің деректер банкіні құру және жүргізу;

- құн инженерингі тәжірибесінде талап етілетін құрылыс материалдарының, конструкцияларының, бұйымдары мен ресурстарының тізбелерін қалыптастыру.

3. Мемлекеттік және салалық органдармен өзара іс-қимыл:

- «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен және өзге де салалық бірлестіктермен ынтымақтастық;

- Құрылыс саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу және жетілдіру барысында жергілікті өкілді органдар мен ҚР Парламентінің депутаттарымен өзара іс-қимыл;

- уәжілетті мемлекеттік органдарға баға белгілеу және құн инженерингі бойынша ұсыныстар дайындау және нормативтік құжаттарды ұсыну.

4. Халықаралық және салааралық ынтымақтастық:

- Қазақстан мен шет елдердің ұқсас Қауымдастықтарымен байланыс орнату және дамыту;

- отандық және халықаралық көрмелерге, жәрмеңкелерге, семинарларға, конференцияларға және маркетингтік іс-шараларға қатысу;

- халықаралық стандарттар мен құн инженерингі практикаларын ұлттық күйге интеграциялау.

5. Нормативтік және әдістемелік базаны дамыту:

- құрылыстағы құн инженерингі және баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу және өзектендіру;

- сметалық-нормативтік базаның жай-күйіне және құрылыс ресурстарына баға деңгейіне мониторинг жүргізу;

- технологиялық карталарды, әдістемелік ұсынымдар мен үлгілік құжаттарды дайындау;

- нормативтік құжаттарды қолдану мәселелері бойынша ақпараттық-әдістемелік көмек көрсету.

6. Білім беру және біліктілікті арттыру:

- Құрылыс кешені мамандарын кәсіби даярлауды ұйымдастыруға қатысу;

- біліктілікті арттыру және кәсіптік қайта даярлау курстарын өткізу;

- ғылыми зерттеулер және озық тәжірибені енгізу саласындағы ғылыми-зерттеу институттарымен және жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық.

7. Цифрландыру және инновация:

- құн инжинирингі практикасына заманауи цифрлық шешімдерді енгізуге жәрдемдесу (деректер базасы, баға ұсыныстарының электрондық каталогтары);

- сметалық-нормативтік базаны жаңарту кезінде құрылыстың жаңа технологияларын талдау және есепке алу.

8. Қауымдастық мүшелерін қолдау:

- Қауымдастық мүшелерінің қызметін консультативтік және ақпараттық қолдау;

- тендерлерге, көрмелерге және өзге де іс-шараларға қатысуды қоса алғанда, қауымдастық қатысушыларының қызметтерін нарықта ішкерілетуге жәрдемдесу;

- Қауымдастыққа мүше ұйымдар арасында туындайтын дауларды реттеу.

9. Баға міндеттер:

- егер бұл қауымдастықтың жарғылық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етсе, заңдарда рұқсат етілген шектерде заңды тұлғаларды құру немесе оларға қатысу;

3.3 Қауымдастық қызметінің мәні:

1. Кәсіби және әдістемелік қызмет:

- ұлттық және халықаралық стандарттар негізінде мамандар мен ұйымдарды ерікті сертификаттау және аттестаттау жүйесін ұйымдастыруды қоса алғанда, құрылыстағы құндық инжиниринг саласындағы кәсібилікті дамыту және қолдау;

- құрылыстағы құн инжинирингі және баға белгілеу бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттарды әзірлеу, өзектендіру және енгізу;

- сметалық-нормативтік базаның, сметалық-ақпараттық базалардың жай-күйін, құрылыс ресурстарының бағасына және жаңа технологиялардың құрылыс құнына әсеріне мониторинг жүргізу.

2. Білім беру және зерттеу қызметі:

- құрылыс саласының мамандары үшін біліктілікті арттыру курстарын, семинарларды, тренингтерді, тағылымдамаларды, сондай-ақ білім беру және ғылыми-практикалық бағдарламаларды ұйымдастыру және өткізу;

- ғылыми-зерттеу институттарымен, оқу орындарымен және сарапшы ұйымдарымен ынтымақтастық;

- құрылыс объектілерінің өмірлік циклінің құнын бағалауды қоса алғанда, құндық инжиниринг саласында ғылыми зерттеулер, талдамалық және қалыптастыру жұмыстар жүргізу;

- зерттеу нәтижелері мен әдістемелік материалдарды ашық дереккөздерде жариялау.

3. Халықаралық және салааралық ынтымақтастық:

- құн инжинирингі бойынша халықаралық және Ұлттық кәсіптік қауымдастықтармен байланыс орнату және дамыту;

- халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу, халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерді ұлттық баға белгілеу жүйесіне интеграциялау;

- Қазақстан Республикасында және шетелде өтетін көрмелерге, симпозиумдарға, конференцияларға, форумдарға және өзге де кәсіби іс-шараларға қатысу және ұйымдастыру.

4. Ақпараттық және консультациялық қызмет:

- мамандардың, компаниялардың, мердігерлердің, жеткізушілердің және құрылыс нарығының басқа да қатысушыларының деректер базасын құру және жүргізу;

- Қауымдастық мүшелері мен мүдделі тараптар арасында идеялармен, ұсыныстармен және мәселелердің шешімдерімен алмасу алаңын ұсыну;

- қауымдастық мүшелеріне консультативтік және ақпараттық қолдау көрсету.

5. Цифрландыру және инновация:

- деректер базасын, баға ұсыныстарының электрондық каталогтарын және құнды басқаруға арналған цифрлық платформаларды қоса алғанда, құндық инжинирингте цифрлық технологияларды енгізуге жәрдемдесу;

- құрылыс құнын есептеу және талдау үшін инновациялық құралдарды әзірлеу және сынақтан өткізу.

6. Шаруашылық және ұйымдастырушылық қызмет

- қызметі қауымдастықтың жарғылық мақсаттарын іске асыруға бағытталған филиалдар, өкілдіктер және заңды тұлғалар құру;

- қауымдастық қызметіне қажетті ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті меншікке сатып алу немесе жалға алу;

- заңдарда және жарғыда белгіленген тәртіппен ақша қаражатын, қорлар мен мүлікті қалыптастыру және пайдалану;

- жарғылық міндеттерді орындау үшін шарттық негізде мамандарды тарту;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыру.

7. Құқықтық реттеу:

- заңнамада көзделген лицензиялар, рұқсаттар және өзге де рұқсат беру құжаттары негізінде қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру.

ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ МҮШЕЛЕРІ, МҮШЕЛІККЕ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ МҮШЕЛІКТІ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ

4.1 Қауымдастықтың мүшесі Қауымдастықтың жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға бола алады. Қауымдастық мүшесі қауымдастық талаптарына сәйкес келуі, қауымдастықтың мақсаттары мен міндеттерін бөлісуі, қауымдастықтың Жарғысы мен жергілікті-нормативтік актілерін тануы және орындауы, қауымдастық қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, қауымдастықтың ішкі құжаттарының, басқару органдарының шешімдерінің талаптарын сақтауға дайын екендігін білдіруі тиіс.

4.2 Қауымдастық мүшелері өздерінің дербестігін және заңды тұлғаның құқықтарын сақтайды.

4.3 Қауымдастыққа жаңа мүшелердің кіруі ашық. Қауымдастықтың мүшелері Қауымдастық Жарғысын мойындайтын және Қауымдастықтың мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға үлес қоса алатын заңды тұлғалар болып алады.

4.4 Қауымдастыққа (мүшелікке) қатысу құқығы үшінші тұлғаларға берілмейді.

4.5 Қауымдастық құрылтайшылары (құрылтай шартына қол қойған) осы Жарғының, мүшелік туралы Ереженің және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің күші қолданылатын Қауымдастық мүшелері болып табылады.

4.6 Қауымдастық қызметіне қолданыстағы заңнаманың, Жарғының және қауымдастықтың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес мемлекеттік билік және басқару органдарының уәкілетті өкілдері қатысуға құқылы.

4.7 Қауымдастыққа мүше болуға кандидат заңда белгіленген тәртіппен тіркелген заңды тұлға болуы, құрылыс, құрылыс-сәулет немесе құрылыс саласына байланысты өзге де қызмет түрлерімен айналысуы, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсат құжаттарының болуы, сондай-ақ Қауымдастықтың Жарғысын, нысанасын, мақсаттары мен міндеттерін мойындауы тиіс.

4.8 Қауымдастыққа кіру заңды тұлғаның мүшелік туралы Ережеде белгіленген нысан бойынша жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады. Жаңа мүшені қабылдау туралы шешімді Қауымдастық президенті мүшелік туралы ереже негізінде қабылдайды. Президенттің шешімі Қауымдастық мүшелерінің назарына күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жеткізіледі және

қабарланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жалпы жиналыста шағымдануға болады.

4.9 Қауымдастықтың әрбір мүшесі мүшелік туралы Ережеде белгіленген тәртіппен өз қалауы бойынша қауымдастықтан өз еркімен шығуға құқылы.

4.10 Мүшелікті тоқтату және қауымдастық мүшелерінен шығару мүшесі туралы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4.11 Қауымдастықтан шыққан немесе Қауымдастықтан шығарылған мүшесі Қауымдастыққа жарна ретінде төлеген ақшалай қаражатты немесе Қауымдастыққа берген өзге де мүлікті қайтаруды талап етуге құқылы емес. Сонымен қатар Қауымдастықтағы мүшелігімен байланысты қандай да бір шығындарды өтеуін талап ете алмайды.

ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУМҚЕРШІЛІГІ

5.1 Қауымдастық мүшелерінің құқықтары:

5.1.1 Осы Жарғыға сәйкес қауымдастықтың кез келген органын сайлау және оған сайлану, сондай-ақ Қауымдастықтың басшы органдарының қызметін бақылау;

5.1.2 Қауымдастықтың басшы органдарының қарауына оның қызметі мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге, осы мәселелерді талқылауға жеке ені қатысуға, қауымдастықтың жоғары тұрған органдарына шағымдар мен қаралымдар беруге;

5.1.3 Қауымдастықтың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қатысуға;

5.1.4 Қауымдастық қызметі туралы есептерді, қауымдастық жиналысының бірлік өткізілген отырыстары туралы материалдарды, сондай-ақ белгіленген жобалардың іске асырылу барысы және ҚР заңнамасында және қауымдастықтың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіптерді ескере отырып, жұмыс топтары мен комитеттер қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты, Қауымдастық жарғысында көзделген өзге де ақпаратты алуға.

5.2 Қауымдастық мүшелерінің міндеттері:

5.2.1 Жарғының Ереженің шарттарын, ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарын және қауымдастық қызметін реттейтін өзге де құжаттарды сақтау;

5.2.2 Қауымдастықтың жұмысына қатысуға, Қауымдастықтың, оның басқарушы, бақылаушы және тексеру-қадағалау органдарының шешімдерін орындауға;

5.2.3 Қауымдастықтың құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына және қауымдастық мүшелігін іс шараларға қатысу;

5.2.4. Қауымдастықтың іскерлік беделіне және қызметіне зиян келтіруі мүмкін кез келген әрекеттен бас тарту;

5.2.5. Қауымдастық мүшелері арасындағы өзара қатынастарда, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында, соның ішінде нарықтың басқа қатысушыларымен қарым-қатынаста этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау;

5.2.6. Қауымдастықтың мақсаттарына жету мен міндеттерін жүзеге асыруға, сондай-ақ Қауымдастық басқару органдарының шешімдерін орындауға белсенді қатысу.

ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮЛКІ

6.1. Қауымдастық заңды негізде мүлік сатып алуға және оны өз меншігінде ұстауға құқылы, бұл мүлік Қауымдастықтың жарғылық мақсаттарына жету үшін қажет.

6.2. Қауымдастықтың мүлкі мыналардың есебінен құрылуы мүмкін:

- 1) құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түскен кірістер;
- 2) ерікті мүліктік жарналар мен қайырымдылық аударымдар;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда міндетті мүліктік жарналар;
- 4) заңнамада белгіленген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жүзеге асырудан түскен кірістер (табыс);
- 5) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынатын дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде));
- 6) заңмен тыйым салынбаған басқа түсімдер.

6.3 Осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалыптастырылған Қауымдастықтың мүлкі оған меншік құқығымен тиесілі болады.

6.4 Қауымдастық құрылтайшыларының қауымдастықтың мүлкіне мүліктік құқығы жоқ.

6.5 Қауымдастықтың кәсіпкерлік қызметінен түсетін кірістер оның мүшелері арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттарға бағытталады.

ҚАУЫМДАСТЫҚТАҒЫ МҮШЕЛІК ЖАРНАЛАР

7.1 Кіру және мүшелік жарналарды төлеу мөлшерін, мерзімдері мен тәртібін Қауымдастық Президенті жарналар туралы ереженің негізінде бекітеді. Жарналардың мөлшері туралы ақпарат Қауымдастықтың ресми сайтында бекітілген күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде орналастырылады.

7.2 Мүшелік жарнаның мөлшерін анықтау мақсатында Қауымдастық мүшелері бөлінеді:

- 1) шарық көшімдерлік субъектілері.
- 2) өкілдік субъектілері.
- 3) ірі кәсіпкерлік субъектілері.

ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

4.1. Қауымдастықтың басқару органдары:

- 1) Жоғарғы басқару органы - Жалпы жиналыс;
- 2) Ақарушы орган — Қауымдастық Президенті;
- 3) Қарға-басқару органы - тексеру комиссиясы.

4.2. Қауымдастықты басқару органдарының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленеді.

4.3. Қауымдастықтың жоғарғы басқару органындағы жұмыс өтеусіз және мәжбүрлі атқарылады.

ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

4.4. Жалпы жиналыс Қауымдастықтың жоғарғы басқару органы болып табылады.

4.5. Қауымдастықтың Жалпы жиналысында қауымдастықтың Президенті төрағалық етеді, ал ол болмаған жағдайда төрағалық Жалпы жиналыста сайланған төрағаға беріліп жүргізіледі.

4.6. Қауымдастықтың Жалпы жиналысында хаттамалар жүргізіледі, аларда Қауымдастық Президенті және Жалпы жиналыста сайланған жалпы жиналыс қатшысы қол қояды.

4.7. Жалпы жиналыс Құрылтай шартына өзгерістер енгізу туралы және Қауымдастық мүшелерінің құрамындағы өзгерістер туралы мәселелерді қоса алғанда, кез келген мәселелерді шешуге құқылы.

4.8. Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне мынадай мәселелер байланысты шешімдер қабылдау жатады:

1) қауымдастықтың құрылтай құжаттарына (Жарғысы мен Құрылтай шартына) өзгерістер мен толықтырулар қабылдау, енгізу туралы (коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚРЗ 39-бабы);

2) қауымдастықты ерікті түрде қайта ұйымдастыру не тарату, қауымдастықты қайта ұйымдастыру, тарату нәтижесінде мүлікті пайдалану туралы (коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚРЗ 39-бабы);

3) қауымдастықтың басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрамын, өкілеттіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін айқындау туралы (коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚРЗ 39-бабы);

4) басқарудың атқарушы органының қаржылық есептілігін ұсыну тәртібі мен мерзімін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін айқындау және олардың нәтижелерін бекіту туралы (коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚРЗ 39-бабы);

5) қауымдастықтың басқа заңды тұлғаларды, өз филиалдары мен өкілдіктерін құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешімді заңнамалық актілерде белгіленген шектерде қабылдау туралы (коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚРЗ 39-бабы);

6) қауымдастық Президентін сайлау және оның өкілеттігін тоқтату туралы;

7) Қажет болған жағдайда бақылаушы орган – ревизорды сайлау немесе аудиттік ұйымды немесе жеке (кәсіби аудитор) аудиторды тартылуы туралы;

8) атқарушы органының атқарылған жұмыс жөніндегі есебі туралы;

9) қаржы-шаруашылық қызмет туралы есепті бекіту туралы;

10) қауымдастықтың филиалдарын, өкілдіктерін құру және тарату туралы.

9.6 Қауымдастықтың жалпы жиналысы, егер оның отырыстарына Қауымдастық мүшелерінің кемінде жартысының өкілдері қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

9.7 Дауыс беру нысанын (ашық, құпия, электрондық) жалпы жиналыс шешімімен белгілейді.

9.8 Қауымдастықтың Жарғысына, Құрылтай шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, қайта ұйымдастыру және тарату туралы мәселелер бойынша жалпы жиналыстың шешімдері кворум болған кезде қауымдастық мүшелерінің кемінде үштен екісінің (білікті көпшілік) дауысымен қабылданады. Мүшелердің жалпы жиналысының барлық басқа шешімдері, егер заңда немесе құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, қатысып отырған қауымдастық мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

9.9 Жалпы жиналыстың шешімі хаттамалық нысанда (хаттамалық шешім) жасалынады және қауымдастықтың барлық мүшелері орындау үшін міндетті болып табылады.

9.10 Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) келісімімен Жалпы жиналыс қашықтықтан, оның ішінде сауалнама парақтарын, белсенді конференциялар арқылы және басқа да Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып өткізілуі мүмкін.

9.11 Қажет болған жағдайда Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді қарауы сырттай дауыс беру жолымен жүргізілуі мүмкін. Сырттай дауыс беруге арналған мерзім дауыс беруге арналған күн тәртібіндегі мәселелер бойынша электрондық немесе қағаз жеткізгіштерде мәселелер жіберілген күннен бастап 5 жұмыс күнін құрайды.

9.12 Сырттай дауыс беру өткізілген болып саналады, егер Жалпы жиналыста жалпы мүшелер санының көпшілігі дауыс берген болса, егер тиісті мәселе бойынша осы Жарғыда басқаша көрсетілмесе.

9.13 Дауыс беру нәтижелері хаттамамен ресімделеді.

9.14 Қауымдастықтың Жалпы жиналысы кезекті және кезектен тыс болуы мүмкін. Кезекті Жалпы жиналыс Қауымдастық Президентінің

шешімі бойынша жылына кемінде бір рет өткізіледі. Кезектен тыс Жалпы жиналыс Қауымдастық Президентінің шешімімен немесе Қауымдастық мүшелерінің кемінде 1/3-інің талабы бойынша шақырылады.

9.15 Жалпы жиналысқа қатысушылар алдағы Жалпы жиналыс өткізілетін туралы Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік стиль күннен кешіктірілмей хабардар етілуге тиіс.

9.16 Жалпы жиналысты өткізу туралы хабарлама Қауымдастықтың ресми сайтында, оның ішінде интернет-ресурстарда жарияланады. Жалпы жиналысты өткізу туралы хабарламада Жалпы жиналыстың өткізілетін күні, уақыты, форматы мен орны туралы мәліметтер, сондай-ақ жиналыстың күн тәртібі қамтылуға тиіс.

9.17 Жалпы жиналыстың жұмысы басталар алдында қатысушыларды тіркеу жүргізіледі, тіркелмеген қатысушылар кворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқылы емес.

9.18 Жалпы жиналыстың күн тәртібі Жалпы жиналысқа қатысқан қатысушы мүшелердің көпшілік даусымен бекітіледі.

9.19 Жалпы жиналыс отырысында дауыс беру принципі – «бір мүше – бір дауыс». Дауыс беру ашық (қашықтықтан) түрде жүргізіледі. Жалпы жиналыстың ерекше құзиреті бойынша мәселелер бойынша дауыс беру ашық түрде өткізіледі.

9.20 Дауыс беру кезінде мазмұны бірдей үлгідегі бюллетеньдер пайдаланылуы мүмкін:

1) қатысушының уәкілетті өкілінің тегі, аты және әкесінің аты;

2) Жалпы жиналыс өткізілетін күндер;

3) күн тәртібіндегі мәселелерді тұжырымдау және олар бойынша дауыс беру нәтижелері;

4) ештеңе де қажетті деректер.

9.21 Дауыстарды санау кезінде дауыс берушілерге дауыс берудің мазмұны нәтижелерінің біреуі ғана қалдырылған мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі. Түісті өкілдің қолы қойылмаған Бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

9.22 Шешім Жалпы жиналыс отырысына қатысқан (қатысушы) мүшелердің өкілдерінің қарапайым көпшілігінің даусымен қабылданған болып саналады. Дауыс тең болған жағдайда Қауымдастық отырысына төрағаның ерекше құзиреті дауысы шешуші болып табылады.

9.23 Жалпы жиналыстың шешімі Қауымдастықтың барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады.

9.24 Жалпы жиналыс бастапқыда өткізілмеген жағдайда, қайталама Жалпы жиналысты өткізу бастапқы Жалпы жиналыстың өткізілу күні белгіленгеннен кейінгі күннен ерте тағайындалмайды.

9.25 Жалпы жиналысты шақыру және өткізу тәртібіне байланысты өзге де мәселелер Жалпы жиналыс бекітетін регламентпен айқындалады.

ҚАУЫМДАСТЫҚ ПРЕЗИДЕНТІ

11.1 Қауымдастық Президенті Қауымдастықтың Атқарушы органы және жергілікті деңгейдегі тұлғасы болып табылады.

11.2 Қауымдастық Президенті Жалпы жиналыс арқылы 1 (бір) жыл мерзімге сайланады және өз өкілеттіктерін жаңа Президент сайланған күнге дейін жүзеге асырады. Осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, бір тұлға қайта сайлануы мүмкін.

11.3 Қауымдастық Президентінің құзыреті:

1) Қауымдастық қызметіне жалпы стратегиялық басшылық жасау;

2) Қауымдастықтың Жалпы жиналыстарын жүргізу;

3) Қауымдастық атынан әрекет етеді, Қауымдастық қызметінің барлық мәселелері бойынша мемлекеттік билік органдарында, жергілікті өкілетті басқару органдарында, ұйымдарда және қоғамдық бірлестіктерде Қауымдастық атынан өкілдік етеді, онда бірінші қол қою құқығымен қолданылатын әрекет етеді;

4) Жалпы жиналысты шақыру;

5) Қауымдастықтың Жалпы жиналысының шешімдерін іске асыру;

6) Қауымдастықтың Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын мәселелер бойынша қауымдастық қызметін реттеу туралы шешімдерін (ерекше тәртіп және басқалар) бекіту;

7) Қауымдастықтың Кәсіпкерлік қызметін ұйымдастыру және түрлері туралы мәселелерді шешу;

8) Қауымдастықтың өкілдіктері мен филиалдарының басшыларына қызметке тағайындау және сенімхат беру, филиалдар мен өкілдіктердің қызметін ұйымдастыру және жүзеге асырады (олар құрылған жағдайда);

9) Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылғандардан басқа Қауымдастық қызметіне байланысты өзге де мәселелерді шешу.

10) Қауымдастық қызметкерлерінің штаттық кестесі мен лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді және бекітеді;

11) Жалпы жиналыс алдында, қажет болған жағдайда, кез келген уақытта Қауымдастықтың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру немесе аудит жүргізуді бастамашылық етеді;

12) Қауымдастықтың жаңа мүшелерін қабылдау және қазіргі мүшелерді Қауымдастық құрамынан шығару (шығару);

13) Іс жүргізу тәртібін белгілеу, өкімдердің орындалуын бақылау және қолданылатын құпияны қорғау;

14) Қауымдастықтың бухгалтерлік есебі мен есептілігін ұйымдастыру;

15) Қауымдастық атынан шарттарға және басқа құжаттамаларға қол қояу.

16) Қауымдастық қызметкерлеріне арналған бұйрықтар, өкімдер шығару;

17) Бюджеттік, есеп айырысу және өзге де шоттар ашу;

18) Ереже жеке және заңды тұлғалармен қатынастарда Қауымдастықтың мүшелерін билдіру үшін сенімхаттар беру;

19) Қауымдастықтың атқарушы дирекциясына ағымдағы басшылықты жүзеге асыру;

20) Қауымдастық қызметінің ағымдағы және перспективалық жоспарларын және Жалпы жиналыс шешімдерін орындауды ұйымдастыру;

21) Арналар туралы Ережеге негізінде кіру және мүшелік қаржының мөлшерін бекіту (белгілеу).

11.4 Қауымдастық Президентінің Қауымдастықтың Жалпы жиналысына келісімінсіз Қауымдастық атынан Қауымдастық акционерлеріне асқын сомаға міндеттемелер қабылдауға құқығы жоқ.

11.1 Қауымдастықтың қаржы-бақылау органы — Тексеру (ревизиондық) комиссиясы — Қауымдастықтың тұрақты қызмет ететін құрылымдық бірлігі болып табылады, Жалпы жиналыс арқылы 1 (бір) жыл мерзімге сайланады және өз функцияларын қоғамдық негізде жүзеге асырады. Тексеру комиссиясы мүшелерінің өкілеттіктері жаңа құрам сайланғанға дейін сақталады. Қауымдастық қаржы-шаруашылық қызметін тексеру үшін жинамада белгіленген тәртіппен аудиторлық ұйымды немесе жеке тұлғаны аудиторы тартуға құқылы.

11.2 Тексеру комиссиясының мүшелері Жалпы жиналыстың мүшелері немесе басқарудың сондай-ақ олардың жақын туыстары бола алмайды.

11.3 Қауымдастықтың басқару, атқару және бақылау органдары өз қызметін жинамада және осы Жарғыда белгіленген өз құзыреті шеңберінде жүзеге асырады.

11.4 Тексеру комиссиясы Қауымдастықтың қаржы-шаруашылық қызметін тексеруге уәкілетті, соның ішінде жоспарлы және жоспардан тыс (статистикалық) тексерулер жүргізуге, Қауымдастықтың лауазымды органдары мен қызметкерлерінен қажетті құжаттар, мәліметтер және тәжірибелік құжаттарға және алуға, бухгалтерлік және басқарушылық қызметін тексеруге құқылы.

ҚАУЫМДАСТЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ КІРЕТІН ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛДАР

12.1 Өңірлік филиалдарды Қауымдастық әрбір облыста, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрады. Қауымдастық аймақтық филиалдардың жалғыз құрылтайшысы болып табылады.

12.2 Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды. Оларға Қауымдастықтың мүлкі беріледі және Қауымдастық бекіткен ереже негізінде әрекет етеді. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі жеке баланста және Қауымдастық балансында есепке алынады.

12.3 Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана аумағында бір ғана өңірлік филиал құрылып, жұмыс істей алады.

12.4 Өңірлік филиалдардың басқару органы Директор — өңірлік филиалдардың атқарушы органы болып табылады.

12.5 Өңірлік филиал директорының және директор орынбасарларының қызметі өңірлік филиалдың Ережесіне сәйкес айқындалады және өңірлік филиал қызметінің мәселелері бойынша шешімдерді қарауды және қабылдауды қамтиды.

12.6 Аймақтық филиалдың директоры Қауымдастық Президентінің бұйрығымен тағайындалады және қызметінен босатылады. Директор осы Жарғының өңірлік филиал туралы Ереженің және (қажет болған жағдайда) Қауымдастық президенті берген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

12.7 Өңірлік филиалдар мәртебесінің, қызметінің, басқару жүйесінің, өңірлік филиалдар органдарын қалыптастыру тәртібі мен қызметінің өзге де мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, өңірлік филиалдардың қызметі туралы ережемен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес қауымдастық органдары бекіткен тиісті ішкі құжаттармен реттеледі.

ҚАРАЖЫЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

13.1 Қауымдастық қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Жарғысында көзделген қызметті жүзеге асыру мақсатында және өз қажетті есебінен құрылатын ұйымдар үшін ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, мүлікті, ақша қаражатын және басқа да қажетті мүлікті иеленуге, пайдалануға, жедел басқаруға немесе жекешенікте ұстауға құқылы, сонымен бірге, заңнамалық актілерге сәйкес Қауымдастықтың меншігінде бола алмайтын кейбір мүлік түрлері бұған кірмейді.

13.1-1. Қауымдастықтың құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар Жалпы жиналыстың шешімімен қабылданады және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркеуші органға хабарлануға жатады.

13.2 Қауымдастық өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді. Қауымдастыққа және оның құрылымдық бөлімшелеріне берілген мүлік қауымдастықтың меншігі болып табылады.

13.3 Қауымдастық мүшелері Қауымдастықтың міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Қауымдастық алдындағы төленбеген (мерзімі өтіп кеткен) кіру/мүше жарналары мен өзге де міндеттемелері шегінде қосалқы (субсидиарлық) жауаптылықта болады.

13.4 Қауымдастықтың қызметін қамтамасыз ету үшін оның мүшелері кіру және мүшелік жарналарды төлейді.

13.5 Қауымдастық салықтарды қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлейді.

14. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

14.1 Қауымдастықты қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Жалпы жиналыстың шешімі негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша жүргізіледі.

14.2 Қауымдастық таратылған кезде кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше тәртіп көзделмесе, осы Жарғыда көрсетілген мақсаттарға жіберіледі.

15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15.1 Осы Жарғының жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері қолданылады.

15.2 Осы Жарғыға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістер мен толықтырулар Жалпы жиналыстың шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

16. «ҚАЗАҚСТАН ҚҰН ИНЖИНИРИНГ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ» ЗТБ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАРЫ

«Intelligence East Engineering» ЖШС

атынағын Директор Мақажанова Д.Г.

«Ильчэн» Производственное Предприятие АВС-К» ЖШС

атынағын Директор Изатов В.А.

«Утвержден»
Протоколом общего собрания ОЮЛ
«Ассоциация стоимостного инжиниринга
Казахстана» №1
«08» октября 2025 года

Устав
Объединения Юридических Лиц
«Ассоциация стоимостного инжиниринга Казахстана»

г. Астана 2025 г.

ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 **Объединение Юридических Лиц «Ассоциация стоимостного инжиниринга Казахстана»** (далее — Ассоциация) — некоммерческая организация, созданная для решения целей и задач, определенных настоящим Уставом и не имеющая в качестве основной цели извлечение прибыли и не распределяющая полученный чистый доход между участниками.

1.2 Полное наименование Ассоциации:

- на государственном языке: «Қазақстан құн инжиниринг Ассоциациясы» Занды Тұлғалар бірлестігі;
- на русском языке: Объединение Юридических Лиц «Ассоциация стоимостного инжиниринга Казахстана»;
- на английском языке: Association of Legal Entities «Kazakhstan Cost Engineering Association»

Краткое наименование:

- на государственном языке: «ҚҚИК» ЗТб;
- на русском языке: ОЮЛ «АСИК»;
- на английском языке: ALE «KCEA».

1.3 Ассоциация осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан (далее – РК) «О некоммерческих организациях», Законом Республики Казахстан «О государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств», общепризнанными принципами и нормами международного права, иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан и настоящим Уставом.

1.4 Местонахождение Ассоциации и её постоянно действующего органа 010000, Республика Казахстан, город Астана, район Сарыарка, улица Байбөтшилик, здание 14, офис 1301.

1.5 Число членов Ассоциации не ограничено.

ПРАВОВОЙ СТАТУС. СИСТЕМА АССОЦИАЦИИ

2.1 Ассоциация является добровольным объединением юридических лиц, созданным в целях содействия развитию и внедрению современных принципов стоимостного инжиниринга в строительстве Республики Казахстан для повышения эффективности управления инвестиционно-строительными проектами, обеспечения прозрачности и достоверности стоимости строительства, гармонизации национальных стандартов с международными стандартами, представления общих интересов

